



**Астана қаласы әкімдігінің
«І. Есенберлин атындағы №67 гимназия» ШЖҚ МКК**

Кітапхананың жылдық есебі 2022-2023 оқу жылы


**№67 гимназия кітапханасының 2021 – 2023 оқу жылындағы
жасалынған жұмысының есебі.**

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Халқымыздың қилы тарихын, өнегелі әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрін, мәдени мұраларын, әдебиет қазыналарын, тереңнен толғайтын сөз өнерін оқырмандарға кітап арқылы насихаттайды.

Білім министрлігі бекіткен тізімі бойынша Білім басқармасына қажетті оқулықтар мен әдістемелік құралдарға және көркем әдебиеттерге сұраныстар беру арқылы кітапхана қоры толтырылып отырады. Биылғы жаңарып шыққан оқулықтар 2 - сыныптарға дана оқулық және дәптері алынды.

2022-2023 жаңа оқу жылында мектептегі барлық оқушыларға оқулықтар таратылды. Алғашқы кезекте әлеуметтік жағдайы төмен және аз қамтылған отбасылардың балаларына оқулықтар берілді.


Жыл басындағы оқулық саны	Жаңадан келген оқулықтар саны	Есептен шығарылған оқулықтар саны	Қазіргі таңдағы оқулықтар саны
58 278 (дәптерді қосқанда)	21 163 (дәптерді қосқанда)	10 896(дәптерді қосқанда)	67 672(дәптерді қосқанда)



2022- 2023 оқу жылында жазылған мерзімді басылымдар саны **32 дана, бағасы 249 855** теңгеге бағаланған. Сонымен қатар биылғы жылы 825 000 мың теңгеге 229 дана көркем әдебиет қорымызға келіп түсті. Фантазия жанрындағы әдебиеттерді алуға көбірек басымдық берілді. Айтап айтсақ, қазақ тілінде алғаш фэнтези жанрда жазылған Рүстем Сауытбайдың «Шоко Әлемі» кітабыны сериясымен және қазақ тіліне аударылған «Хэрри Потер» кітабы да сериясымен толық алынды. Стивен Кинг « Шоушенктен қашу. Төрт маусым хикаяттар», Джон Рональд Руэл Толкин «Сақиналар әміршісі. Патшаның оралуы», «Сақиналар әміршісі. Екі қамал» т.б кітаптары сатып алынды.

Мектепке берілген жоспарлы мерзімді басылымдар толығымен орындалды. Оқу құралдарын тексерілу жұмыстары жылына 2 рет жүргізіліп отырады. Тексеру жұмысы жүргізілді нәтежесі жақсы.

2022-2023 оқу жылы	
Оқырман саны	1737
Келіушілер саны	3244
Кітап берілім	6508



Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында түрлі әдеби шаралар, кітап көрмесі, әртүрлі тақырыпқа байланысты бұрыштар ұйымдастырылады. Атап айтсақ, «Бір ел-бір кітап:2022» акция аясында Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына арналған **«Ұлы қайраткер –Ахмет Байтұрсынұлы»** атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Кітапханашы А.Шагирова 7 сынып оқушыларына қазақ халқының «рухани көсемі», ағартушы ғалым, ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаянына тоқталып, ұлт қайраткері туралы сауалдар қойды. Іс-шараның мақсаты өз халқының айнасы болған ұлы қоғам қайраткері, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, ағартушы ғалым жайлы оқушыларды сусындата отырып, оның туған халқы үшін аянбай еңбек еткен еңбегін дәріптеу, ұрпаққа үлгі ету.

Сілтемесі: <https://www.instagram.com/p/CiP5c0eNv4Y/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>



Сонымен қатар, Қазақ ағартушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, ғалым **Ахмет Байтұрсынұлының** туғанын 150 жыл толуына орай «**Ұлттың ұлт ұстазы**» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесінің мақсаты - ұлы қайраткердің еңбектерін жан-жақты насихаттау мен оқырмандарды А. Байтұрсынұлының әдеби мұрасымен таныстыру. Кітап көрмесіне келесі материалдар ұсынылды: энциклопедиялар, өмірбаяндық анықтамалықтар, көркем әдебиет және ағартушы туралы әдебиеттер.

<https://www.instagram.com/p/CjSefl5KnZ/?igshid=N2ZiY2E3YmU>



Қыркүйек айының 9-шы жұлдызы күні жоба жетекшісі Сыздықова Д.Ж. және кітапханашылар Т.Нурманова мен А.Шагирова кітапхана оқырман залында ата-аналарға «**Менің үйімдегі кітаптар**» атты кездесу кешін ұйымдастырды. Келген қонақтарға жоба жетекшісі Д.Сыздықова жоба туралы түсінік беріп, кітапханада отбасылық оқуды енгізудің себептері, ата-аналармен оқудың маңызды факторлары, күтілетін нәтижелер туралы айтып өтті. Сонымен қатар отбасылық оқу туралы презентациялар мен видеороликтер көрсетіліп, кітапханашы Т.Нурманова ата-аналарды кітапханамен таныстырып өтті.



23.09.2022 ж. Әженің ертегісі қазақ халқында ежелден келе жатқан дәстүр. Ертегілердің тәрбиелік мәні зор – балаларды білімге құштарлыққа, отансүйгіштікке, ұқыптылыққа, жақсы қасиеттерге баулиды. «Оқуға құштар мектеп» аясында кітапхана оқырман залында мектеп табалдырығын алғаш аттаған 1 сынып бүлдіршіндеріне кітапхананың ережесімен таныстырып, тақтадан «Шықбермес пен Шығайбай мен Алдаркөсе» атты ертегісін

көрсетіп, кітапханашы Т.Нурманова мен А.Шагирова келген оқушыларға «Жеті қарға», «Күлше қыз», «Бауырсақ» т.б атты ертегілерін оқып берді.



29.09.2022 ж. Баланың кітап оқуға құмарлығын, үнемі ізденісте болуын, жаңа білім алуға талпынуы мен дұрыс ақпаратты таңдауын, қоғамда баланың теріс ағымның ықпалына түсіп қалмауын, жеке ойының болуы мен дұрыс құндылықтар жүйесінің болуын қалай қалыптастыра аламыз?

Бұл сұрақтардың бір ғана жауабы бар: баланы кітап оқуға көбірек баулу және ең бастысы балаларға кітапты сүйуге көмектесу керек. Осы орайда қыркүйек айының соңғы бейсенбісінде **«Балаларға не оқу керек және қалай?»** атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Бұл іс-шараның мақсаты ата-аналарға білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімнің пайдасы жөнінде түсіндіру, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.



07.10.2022 ж. Қазақтың классик жазушысы Б.Соқпақбаевтың әйгілі шығармаларының қатарында балалық шақтың балауса күндерін бүгінгідей көз алдына әкелер тұғыры биік туынды – «Балалық шаққа саяхат» повесінің орны ерекше. Автор бұл кітаптың әр тарауында заманының қаталдыққа толы қиын күндерін қисынымен қиыстырып суреттеген. Кейіпкер образдарын аса үлкен шеберлікпен кестелегені



соншалық-оқып отырып кейіпкердің көңілді кейіпіне еніп күлесің, жалынышты жүзіне еніп жылайсың. Кітаптың әр парағын оқып танысқан сайын автордың балалық әлеміне сапар шеккендей боласың. Повесть өз тақырыбын, мазмұнын жеткілікті деңгейде аша білген Оқушыларға жазушы өмірі мен шығармашылығымен таныстыра отырып, оқушылардың ой - өрісін, қызығушылығын ояту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; оқушыларды тәртіптілікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын ояту мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханада кітапханашы Т.Нурманова 3 сынып оқушыларымен Б.Соқпақбаевтың «**Балалық шаққа саяхат**» атты әңгімесімен ой бөлісті. Балалардың кітапты қызығушылықпен оқығаны соншалық, әңгімелеуден жан салмай мазмұнын керемет әңгімелеп бергендері де болды. Кітаппен ой бөлісуге ата-аналар, сынып жетекшілері де қатысты.



Қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымының тұңғыш докторы, профессор, Қазақ КСР - ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жылдық мерейтойына арналған «Қалың елін мәңгі мақтан тұтқаны, көркем сөздің, асыл ойдың Мұхтары» кітап көрмесі ұйымдастырылды. XIX ғасырдың асқар белі Абай болса, XX ғасырдың заңғар биігі - Мұхтар Әуезов. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің өмірі мен шығармашылығымен, Абай жолы роман – эпопеясымен таныстыра отырып, оқушыларды кітап оқуға шақыру.

Сұрапыл соғыс жылдарында жаратылысы нәзік болса да, сайдың тасындай сарбаздардан кем түспей, қайтпас қайсар қайратымен қан майданда ерлік көрсеткен қазақтың батыр қыздарының есімдері ел есінде. Солардың бірегейі, қазақ қыздарының арасынан тұңғыш рет Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған пулеметші – Мәншүк Жиенғалиқызы Мәметованың туғанына 100 жыл толуына орай «Қазақ даласының қайсар қызы» библиографиялық шолу ұйымдастырылды. Іс-шара барысында Мәншік Мәметованың өмірдерегі мен соғыс жылдарындағы ерең еңбегін жайлы бейне ролик көрсетіліп, Мәншүк Мәметова туралы жазылған кітаптармен таныстырылды.

<https://www.instagram.com/p/CkQeap7K0Hr/?igshid=N2ZiY2E3YmU=>



"Республика күні" – бірқатар мемлекеттердегі республиканың таптырмас атрибуты болып табылатын мемлекеттің республика болып жарияланған немесе елдің конституциясы қабылданған күні атап өтілетін ұлттық мереке. **25 қазан – Республика күніне** орай «**Менің Отаным - Қазақстан**» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты – Тәуелсіз Қазақстанның егемендік алғаннан кейінгі қалыптасу тарихымен таныстыру, сондай-ақ еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өміріндегі оң өзгерістерді кеңінен насихаттау, қоғам алдындағы жоғары жауапкершілік, патриотизм мен Қазақстан азаматтарының бірлігін көрсету.

<https://www.instagram.com/reel/CkBFnYeqR6e/?igshid=N2ZiY2E3YmU=>

<https://fb.watch/gYdtC8ixof/>





Кітапханада 15 қараша – Ұлттық валюта күніне орай **«Алтын теңге»** зияткерлік сайыс өтті. Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің айшықты таңбасы ретінде белгіленген төл теңгенің тарихы туралы өскелең ұрпаққа мағлұмат беру. Басқа ел валюталарымен таныстыру. Оқушылардың ақша, қаржы туралы түсініктерін кеңейту. Сайыстың *«Сұрақ-бізден, жауап-сізден»* алғашқы кезеңде оқушыларға теңге тарихына байланысты сұрақтар қойылды. *«Әр елде-өз валютасы»* кезеңде экраннан көрсетілген әр түрлі елдердің суреті арқылы сол елдің валютасын айтып берді. *«Мақал –сөз мәйегі»* кезеңде ақшаға байланысты мақалдар айтып жарысты. *«Ұлы ғұламалар-теңгемізде»* соңғы кезеңде экраннан көрсетілген ғұламалардың бейнесі арқылы қай теңгеде бейнеленгенін тауып айтты. Сонымен қатар іс-шара барысында төл теңгеміздің тарихы туралы оқушыларға экраннан бейне жазба көрсетілді.



<https://www.instagram.com/p/CIAofEqqnGV/?igshid=N2ZiY2E3YmU=>

18.11.2022 ж. І.Есенберлин атындағы гиназияның кітапханасында **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында **Т.Молдағалиевтің балаларға арналған өлеңдерін** мәнерлеп оқу ұйымдастырылды.

Мақсаты: қазақ поэзиясындағы шоқтығы биік тұлға-Тұманбай Молдағалиевтің өміржолы және шығармашылығымен таныстыру.

Оқушылардың мәнерлеп оқу шеберліктерін, кітап оқуға деген қызығушылықтарын артыру. Поэзияны, өнерді таптырмайтын тәрбие құралы деп ұққан, саналы өмірінде туған еліне өлең сөзімен қалтқысыз қызмет еткен ақын Тұманбай Молдағалиевтің шығармаларының дені балалар әдебиетіне арналған. Ақынның алғашқы балаларға арналған өлеңдері мен дастандары 1961 жылы «Құралай» деген атпен өлеңдер жинағы

жарыққа шықты. Сонымен қатар бірнеше өлеңдері «Пионер», «Балдырған» журналдарында көптеп жарық көрген. Ақынның туған жерді, Отанды сүюге, бейбітшілікке, өнер-білемге, сиқырлы табиғаттың қадір-қасиетін сезінуге



арналған өлеңдері жас ұрпақтың патриоттық сезімін оятып, рухын көтеретіні сөзсіз.



30.11.22ж. Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Абай атындағы Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл толуына орай, жазушының өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында **«Ұлт мақтанышы»** атты кітап көрмесі құрылды. !с-шара барысында экраннан жазушының өмірі мен шығармалары қамтылған бейнебаян көрсетілді. Кітапхана қорындағы жазушының шығармалары мен ол туралы әдебиеттерден жасақталған кітап көрмесі таныстырылды. Көрмеге жазушының өмірі мен шығармашылығы енгізілген әдебиеттер: «Қазақстан ұлттық энциклопедиясы», «Қазақ әдебиеті», «Қазақтар», «Жазушылар әлемі», «Қазақстан жазушылары», 2006 жылы «Атамұра» баспасынан шыққан «Шығанақ» кітабы көрмеден орын алды.

https://www.instagram.com/p/CllziPTq0xR/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZ
A==



Қазақстан Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай 09.12.2022ж. күні гимназияда **«Бейбіт елдің батырлары»** атты жоғары сынып оқушыларына арналған кездесу өткізілді. Кездесудің мақсаты: елімізде өскелең ұрпақтардың Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Жас ұрпақты сүйіспеншілікке, елжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық рухы жоғары, қайсар жүректі бейбіт

күннің батырлар аға – апалардың ерлігін үлгі ету, дәріптеу. Кездесуге келген қонақтарымыз, әрі Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназияның ата-аналары Парадзюдодан әлем чемпионы Шамей Ерғали және жас баланың өмірін 8-ші қабаттан құтқарып қалған Шонтақбаев Сәбит Серікұлы жас ұрпаққа деген игі тілектерімен қатар оқушыларға өмірде адалдық пен парасаттылық, адамгершілік пен мейірімділікті, білімді бойларына жинауға лебіздерін білдірді. Кеш соңында гимназия директоры Г. Абдраманова қонақтарға алғыс сөзін жеткізіп, «Алғыс хат» табыс етті.

<https://www.instagram.com/p/Cl8HAJzKuni/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==>



Сонымен қатар 16 желтоқсан - Тәуелсіздік мерекесіне орай **"Тәуелсіздік шырағы"** атты көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау. Ежелден еркіндікті аңсап, азаттықты көксеумен келе жатқан еліміздің тарихын баяндайтын қазақ хандығы кезеңінен бүгінгі күнге дейінгі алаш қайраткерлерінің саяси күресі туралы әдебиеттер, елмен етене өмірі, еліміздің егемендікке жету жолы, мемлекет құру, экономикасы қуатты, саясаты тұрақты, ынтымақшыл ел жасау жолындағы қасиетті тарихымыз туралы әдебиеттер қойылған.





https://www.instagram.com/p/CmMU54AK5al/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==

19.12.2023 ж. Халық ауыз әдебиеті үлгілерімен балалардың қиял көкжиегін кеңейту, Тазша бала бейнесі арқылы қазақ халқының тапқырлығын, әзілкештігін, ұлттық өнерін насихаттау мақсатында бастауыш сынып оқушыларымен **«Тазша бала»** ертегісін оқып мазмұндау болып өтті. Тазша Бала - қазақтың күлдіргі тұрмыс - салт ертегілеріндегі басты кейіпкер. Бұған ұқсас нұсқалар өзбек, татар, қарақалпақ, түрікмен, хақас, бурят, моңғол халықтарының ауыз әдебиетінде де кездеседі. Бұлар тағыда басқа халық арасынан шыққан ақылды, алғыр, айлалы, тапқыр, өжет жігіт ретінде суреттеледі. Өзінің ақыл - парасаты, тапқырлығы арқасында талай қиын - қыстау жағдайдан, ауыр хәлден аман - есен құтылып кетеді, неше түрлі

сыннан мүдірмей өтіп, жеңіп шығады. Өзі сіңірі шыққан кедей болса да уәзір, жендеттермен айқасқа түсіп, оларды халық алдында күлкі, мазақ етеді. Әділетсіздікке, кертартпа әдет - ғұрыпқа, зұлымдыққа қарсы тұрып, күншілдік, қызғаншақтық, сараңдық сияқты мінездерді аяусыз әжуалайды. Сөйтіп тағыда басқа халық даналығы мен шешендігін бойына жиған типтік кейіпкер болып табылады. Оқушылар Тазша баланың бөркін бір-бірлеріне кигізу ойыны арқылы ертегінің мазмұнын жалғастырып айтты.



20.01.2023 ж. Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері, балалар әдебиетінің атасы-Ыбырай Алтынсарин өмір жолы мен шығармасын оқушыларға таныстырып, мағұлмат бере отырып, оқушыларды кітап оқуға баулу, қысқаша мазмұндату арқылы тіл дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында **Ыбырай Алтынсариннің «Бақша ағаштары»** әңгімесін мазмұндау ұйымдастырылды. Ыбырай қазақ даласына білімнің шамын жағып қана қоймай, тәрбиенің тамаша соқпағын да салып кеткен. Ағартушының әңгімелері дені ұрпақ тәрбиесіне арналған. Оның шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке, ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады.



26.01.2023 ж. Оқушыларға жазушының өмірінен мәліметтер беру, көркем шығарманы оқыту арқылы әңгіменің құндылығын таныту, мазмұнындағы кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінезін сипаттап, талдау арқылы оқушылардың тіл мәдениетін арттыру, логикалық ойлауын дамыту, өзіндік пікір қалыптастыруға, ойын еркін жеткізе білуге баулу мақсатында орта буын сынып оқшыларымен **Сайын Мұратбеков «Жусан иісі»** ой-бөлісу өтті.

Әңгімені талдауға арналған сұрақтар:

1. Әңгіме кімнің атынан баяндалады?
2. Әңгіме қандай оқиға кезінде болған?
3. Аян тобығын қалай шығарып алды?
4. Аян әжесінен айырылғанда неге жыламады?
5. Аян әжесі қайтыс болғаннан кейін кімнің үйін паналады? Олар Аянға қалай қарады?
6. Аяның ертегілері қалай басталатын еді?
7. Шығарма қалай аяқталды?
8. «Жусан иісі» арқылы жазушы оқырманға қандай ой тастады?
9. Аяның балалар үйіне кетуіне сенің көзқарасың қандай?



31.01.2023 ж. Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың мұрасын терең түсініп, жаттап, бойларынан өткізіп, жүректеріне ұялатуы, кітап оқуға баулу мақсатында **«Абайды оқы, жалықпа!» сайыс** болып өтті. Сайыс төрт кезеңнен тұрды: Алғашқы кезең «Абай әлемі» деп аталады. Бұл кезеңде ақын өмірінен берілген сұрақтарға жауап берді. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген екінші кезеңде сайыскерлер Абайдың бір өлеңін мәнерлеп жатқа орындады. Үшінші «Абай айтқан асылдар» кезеңде Абай атамыздың қарасөзін жатқа айтты. «Білімдіден шыққан сөз» соңғы кезеңде сайыскерлер берілген нақыл сөздерді құрастырады. Сайысқа қатысқан оқушыларды қазылар алқасы бағалап, жеңімпазды анықтап, мадақтама қағазын табыстады.



30.02.23 күні Ұлы тұлға Мұрат Әуезовтың сексен жылдық мерейтойына байланысты кітапханада мектебіміздің парламент мүшелерімен «Ұлының ұлы болу-үлкен жауапкершілік» деген тақырыпта ақпарат сағаты өтті. Мақсаты : Мұрат Әуезовтің өмірбаяны, атқарған қызметтері жайлы оқушыларға кең көлемде мағлұмат беру, кітаптарымен таныстыру, ерен еңбегін, еліміздің дамуына қосқан үлесін жас ұрпаққа үлгі ету, насихаттау. Мұрат Әуезов – көрнекті қоғам қайраткері, мәдениеттанушы ғалым, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, "Алтын асық", "Тарлан" сыйлығының лауреаты. "Времен связующая нит", "Иппокрен", "Уйти, чтобы вернуть" еңбектерінің авторы.

https://www.instagram.com/p/CoCeAL_KmTY/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA=



Қазақ әдебиетінің ішінде қазақ халқының тарихы тақырыбына қалам тартқан жазушы Ілияс Есенберлиннің туғанына 108 толуына орай «Халқының асыл перзенті» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: жазушы шығармашылығы мен оқушылар арасындағы байланысты күшейтіп, жазушының шығармаларын оқуға ден қою. Жазушы еңбектерінің тарихи мазмұнына назар аудартып, кейіпкерлерімен танысу. Кітап оқуға шақыру. Көрмеге жазушының әр жылдарда шыққан кітаптары «Жанталас», «Алмас қылыш», «Хан кен», «Ғашықтар», «Қатерлі өткел», «Қара алтын» және «Тарихи тұлғалар» атты энциклопедиясы, сонымен қатар Есенберлин туралы естелік әдебиеттер қойылды.

https://www.instagram.com/p/CoFC7HКиMk/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA=



Кітапханада 2023 жылы «Бір ел – бір кітап» Республикалық акциясы аясында белгілі жазушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Төлен Әбдіковке және оның шығармашылығына арналған **«Дара талант иесі»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» Республикалық акциясы 2007 жылдан бері ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық Кітапханасы мен ҚР кітапханалар қауымдастығының бастамасымен өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік туындыларды оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау,


сондай-ақ жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге бағытталған. Сонымен қатар, акция қоғамның отандық әдебиетке, оның ішінде классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген қызығушылығын әрі қарай жоғарылатуына мүмкіндік туғызады. «Дара талант иесі» кітап көрмесі Төлен Әбдіковтың өмірі мен шығармашылық қызметі туралы материалдарды ұсынады. Жазушының кейбір кітаптарына QR код қойылып, оқушылардың оқуына мүмкіндік жасалды.

02.03.2023 ж. Кітапханашыға сенім деңгейін, кітапханаға қызығушылығын арттыру, білім беру мектебінде байланыс орнату, оқушыларды кітап оқуға ынталандыру, пән мұғалімдерінің кітапхана іс-шара қатыстыру мақсатында **«Reading man» - «Кітап оқитын адам»** ойыны мектеп оқушыларына ұйымдастырылды. Ойын шарты: Іс-шара күні тақтадағы тапсырмалары бар парақшаны алады. Оқушы парақшаны алғаннан кейін осы парақшада көрсетілген мұғалімге барып тапсырманы орындайды. Тапсырманы орындаған соң оқушы мұғалімнің қолтаңбасын алып, селфи фотоға түсіп қайта оралып, тәтті сыйлығын алды.



14.03.2023 ж. Оқушының құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтыру. Өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрету, құқықтық тәрбие беру мақсатында «Қазақстан-құқықтық мемлекет» кітап көрмесі құрылды. Іс-шара барысында адам құқығы, бала құқығы, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқығы мен міндеті, заң талаптарын бұзбау, әр азамат өзіне жүктелген құқықтық міндеттерді дұрыс орындау қажеттігі жайында, сонымен қатар Қазақстанның құқықтық даму жағдайы азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеруге, Заң мен құқыққа деген құрмет әр адамның жеке ұстанымына айналуы керектігі жайында кеңінен ақпараттар ұсынылды. Кітап көрмесіне ҚР Конституциясы, кітапхана қорындағы құқық саласына қатысты кітаптар, нақыл сөздер қойылды.

<https://www.instagram.com/p/Cpy55-xKB08/?igshid=MDJmNzVkMjY=>



Кітапханада Карамырзаева Меруерт пен кітапханшылардың ұйымдастырумен Ұлыстың ұлы күні– Наурыз мерекесіне арналған **«Наурыз елімнің бақыты, ынтымақ береке шаттығы»** атты мерекелік іс-шара өтті. Мақсаты: Оқушыларға Наурыз мерекесінің тарихы, халқымыздың салт – дәстүрі мен әдет – ғұрыпы туралы мағлұмат беру. Елін сүюге, дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу. Іс-шара барысында 5 «Г» сынып оқушылар ұмыт болған дәстүрлер туралы мағұлмат алып, ән айтып, би билеп өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар кітап көрмесі құрылып, шолу жасалынды.

https://www.instagram.com/p/Cpz4Mwlt2UX/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==



17.03.2023 ж. «Қазақтың салт-дәстүрлері» зияткерлік сайыс

Қай заман болсын адамзат алдында тұратын басты міндет – адал, білімді, еңбек сүйгіш ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Бұл міндетті әр халық салт - дәстүріне орай іске асырады. Яғни әр халық ғасырлар бойы сыннан өтіп, сұрыпталған озық салт - дәстүрлерін жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланып келген. Әр ұлттың, халықтың, діні мен сеніміне, тұрмыс тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізгі салт ретінде қалыптасқан. Дәстүр - халықтың атадан балаға көшіп, жалғасып және дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени - тұрмыстық, кәсіптік, салт - сана, әдет - ғұрып, мінез - құлық, тәлім - тәрбие және рухани іс - әрекеттер көрінісі.

Сайысымыз 4 кезеңнен тұрды.

1-кезең. Сәлем сөздің атасы!

2-кезең. Қазақ халқының салт – дәстүрлері

3-кезең. Кім тапқыр ойыны

4- кезең. Ойлы болсаң озып көр!



13.04.2023 ж. «Кітап-әлемді бағындырады» дебат. 8-9 сынып оқушылары

XXI ғасыр-білім, ғылым және мәдениет ғасыры. Ал білімнің қайнар көзі-кітап. Кітап адамның жүрегін, санасын, ақылын байытады, дүниетанымын кеңейтеді, жақсы кітап оқу арқылы адамның сөздік қорын көбейіп, өз пікірін еркін жеткізе алады, Абай атамыз айтқандай « Артық білімкітапта, ерінбей оқып көруге» дегендей, оқушыларды кітап оқуға баулу, оқу мәдениетін қалыптастыру, рухани байлығын дамыту мақсатында дебат ұйымдастырылды. Пікір сайыс барысында бүгінгі күнде қарқындап дамып келе жатқан компьютердің, қоғам арасында кеңінен қанат жайып кеткен ғаламтор төңірегінде және де адам баласының жан азығы ерте заманнан адамды білімге



жетелеген кітап болмақ екенедіг жайлы екі пікір қалыптасты. Алдымен спикерлер осы кітап және ғаламтордың пайда болуы жайлы сөз қозғап, кітап пен ғаламтордың пайдасы мен зияны жайында пікірлер айтылды. Іс-шара барысында спикерлер өте белсенді болды.

https://www.instagram.com/p/CrAc1o3t30C/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFlZA==

20.04.2023 ж.«Ертегі, ертегі,ертегі сыр шертеді» дауыстап оқуЕртегілер ауыз әдебиетінің ең көне жанрына жатады. Бұларда көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін ойдан шығарылатын оқиғалар баяндалады. Ол ауызша айтылып, ел есіне ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, біздің дәуірімізге жеткен. Ертегілер көбінесе қара сөз түрінде айтылады. Кейде өлең түрінде де кездеседі. Ертегілердің әдетте басталулары ұқсас: «Баяғы өткен заманда бір шал мен кемпірдің болыпты» немесе «Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөлтеде» деп те басталады. Ертегі соңы олар «сөйтіп мұратына жетіпті» үнемі жақсылықпен аяқталатыны балалрға түсіндіріп, өздеріне ұнаған ертегілерін кітаптан дауыстап оқып, мазмұндап берді. Ертегілердің тілі көркем, қарапайым, түсінікті жеңіл келеді. «Сендер құрметті жас достар, ертегінің осылай тілі арқылы халықтың өз өмірлерін жақсарту жолындағы арман-тілектерін, тамаша қиялдарын біліммен қоса өздерінде солай қиялдауға, армандауға үйренесіндер. Ертегінің көркем де, жеңіл тіл сендердің қиялдарыңа қанат бітіріп, арманды ақиқататады, қайратты істерге құлшындырады. Шешен сөйлеуге, өз ойларыңда әдемі баяндауға үйретеді. Тіл құдіреті сені небір құпия сырлар әлеміне жетелейді, көзіңді ашып, кереметтерді танытады. Халық ертегілерін сүйе біл, сүйсіне оқы, одан тіл үйрен, мәнін, мазмұнын аңғар» деген үндеумен аяқталды.



Сәуірдің 21-і күні 23 сәуір – Дүниежүзілік кітап күні және авторлық құқық күніне орай **«Кітапқа екінші өмір сыйла»** акциясы ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты Кітап мәртебесін көтеру сонымен қатар жас ұрпаққа кітап оқуды насихаттау. Құнды кітаптарды оқу арқылы білімдерін жетілдіруге шақыру. Барымен бөлісе білетін жомарт оқушы тәрбиеленуіне қолдау көрсету болып табылады. «Кітапқа екінші өмір сыйла» атты акциясына гимназиямыздың ұстаздары мен оқушылары қатысып, мектеп кітапханасына түрлі жанрдағы кітаптарын сыйлады. Гимназиямыздың оқушылары Аман Мөлдір, Данабек Жаннұр, Серікбай Айша акцияның ашылу салтанатына арнайы «Отаным» әнін тарту етті. Атаулы акция аясында директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары Рахметуллин Асан, оқу ісі орынбасары Сармантаева Айнұр Еркінқызы, ұстаздар қауымы: Рахметова Төлеу Орынбасаровна, Мәдібайқызы Сағира, Серім Батжан Сайлаубекқызы, Смагулова Сандуғаш Жеңісқызы, Әмитова Жайна Бердікұлқызы оқушыларға кітап құндылығын дәріптей отырып, гимназиямыздың кітапханасына кітаптарын сыйға тартты. Келесі кезекте 1-10 сынып оқушылары мектеп кітапхана қорына кітаптарын сыйлады. Атап айтар болсақ. 3 «Д» сыныбы оқушылары гимназия кітапханасына 63 кітап сыйлады. Кітаптар гимназия кітапханасына өте қажет деуге болатын бірнеше томтық сөздіктерден тұрады. Сынып жетекшісі Арынгазина Динара Жанабаевна. 2 «Е» сыныбы оқушылары 52 кітап сыйласа, басқа да сынып оқушылары көптеген керемет көркем әдеби шығармалар мен ертегілер, түрлі энциклопедияларды сыйлап, гимназияның кітап қорын 400-ге жуық кітапқа толықтырды. Гимназия директорының оқу-тәрбие ісі орынбасары Рахметуллин Асан Жаханович акцияға белсене қатысқан сынып оқушыларын гимназия директорының «Алғыс хат» мен марапаттады.

https://www.instagram.com/p/CrUo5HrKa69/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==



05.05.2023 ж.«Отан үшін от кешкен- тұлға» танымдық сағат

Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы, А. Фадеев атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, қазақстандық жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері. 2023 жылы Халық қаһарманы – Қасым Қайсеновтың туғанына 105 жыл тлуына орай «Отан үшін от кешкен- тұлға» танымдық сағат ұйымдастырылды.

Қасым Қайсенов – қазақ әдебиетінде партизан соғысы тақырыбының негізін қалаған жазушы. Ұлы Отан соғысы жылдары Украинада партизан тобын басқарды. Молдавия мен Украинаның Закарпатье бөлігінде, Чехословакия мен Румыния аумағындағы шайқастарға қатысты. Әскери архивтерде Қасым Қайсенов туралы жарқын мазмұндағы, маңызды тарихи оқиғалар өте көп. Қасым Қайсенов Ұлы Отан соғысының ең қиын кезеңдерін, қарапайым жауынгерлердің көзсіз ерліктерін шынайы сипаттаған көптеген шығармалардың авторы. Оның алғашқы кітабы «Жас партизандар» 1954 жылы жарыққа шықты. Одан кейін «Илько Витряк», «Партизаны Переяславля», «В пасти у смерти», «Мальчик в тылу врага», «На Днепре», «В тылу врага», «Партизанские тропы», «Жау тылында», «Сол бір жылдарда», «Ағалар туралы аңыз», **«Жау тылындағы бала»** кітаптары және көптеген әңгімелері, очерктері, повестер жинақтары басылып шықты. Автордың көптеген шығармалары орыс, украин және басқа тілдерге аударылды.

Іс-шара барысында қаһарман атамыздың өмірі жолы бейне баян көрсетіліп, шығармасы жайлы баяндалды. Сонымен қатар оқушылар «Жау тылындағы бала» шығармасы туралы оқығандарымен бөлісті.

https://www.instagram.com/p/Cr28Q52NZpX/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNW FZA==



31.05.2023 ж. күні Илияс Есенберлин атындағы №67 гимназияда республикалық "Оқуға құштар мектеп" жобасы негізінде “ҮЗДІК ОҚЫРМАН” иегерін анықтау үшін 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен READx форматында қорытынды іс-шара өткізілді.

«Үздік оқырман» иегерін анықтау ІІ кезеңнен тұрды. І кезең бойынша оқушылар 2022-2023 оқу жылы оқыған кітаптары турасында сауалнамаға жауап беріп, ІІ кезеңге 11 оқушы суырылып шықты.

READx форматында оқушылар оқыған кітаптарының қысқаша мазмұны мен түйген идеясын, қоғамға берер пайдасын түсіндіре отырып, достарына көркем шығармаларды жарнамалаудың түрлі әдістерін ұсынды. Оқырман оқушы қазылар алқасы қойған қосымша сұрақтарға жауап беру арқылы

өздерінің оқыған кітаптарын дәлелдей алды. Сонымен қатар гимназиямыздың оқырман оқушылары өздерінің «Үздік оқырман» оқушыларды анықтау мақсатындағы бұл іс-шараның жыл сайын ұйымдастырылуын, алдағы уақытта түрлі тәсілдер арқылы кітап оқудың жолдарын өз ұсыныстарында жеткізді.

2022-2023 оқу жылының «Үздік оқырман» қорытындысына сәйкес Бас жүлдемен ең көп 26 кітап оқыған 5 «Е» сынып оқушысы Елубай Зарина марапатталып, сыйлыққа велосипед еншіледі.

Жүлделі I орын 8 «Ж» сынып оқушысы Хамзе Амина

II орын 8 «Е» сынып оқушысы Егинбаева Зарина

III орынды 6 «З» сынып оқушысы Жүсіпбай Айдар

Аталған I, II, III орын иегерлеріне самокаттар сыйға тартылды.

Келесі тізімдегі оқушылар белсенділік танытқаны үшін грамотамен марапатталып, көркем әдеби кітаптар мен тәттілер үлестірілді.

8 «Е» сынып оқушысы Исламхан Нұрбек

8 «Е» сынып оқушысы Бекмағанбет Нұрай

7 «Ж» сынып оқушысы Әділхан Милана,

5 «И» сынып оқушысы Амантай Айтолқын

Амангелдіқызы

7 «Ә» сынып оқушысы Құндақбай Алтынай

7 «Ж» сынып оқушысы Қадыс Әдемі

10 «Б» сынып оқушысы Тілек Нұрай

«Үздік оқырман» оқушыларды марапаттау

барысында балаларды бағалы сыйлықпен

қамтамасыз етіп, демеушілік жасаған ИП Кусаинов Бекайдар Аманұлының кәсібіне табыс тілей отырып, директор Абдраманова Гүлжанат Асанқызы гимназия атынан Алғыс білдірді.



<https://www.facebook.com/100057340214063/posts/pfbid043yK3b2HErFzr5ijRoiKEbg57uUjsPGrXpVTUuofF4zmPLE6x2EjzydKenYizNMFl/?mibextid=Nif5oz>

Дайындаған:

А.Б. Шагирова

